



байланысты 800-ден астам күдікті ұсталған болса, олардың 17-сі ғана бас бостандығынан айырылған, 158-інің бас бостандығы шектелген. Бұл жерде мынадай сұрақ туады. Қалғаны қайда? Келтірілген деректер бойынша, браконьерлерге қатысты қозғалған қылмыстық істердің басым бөлігі нақты айғақтар жоқ деген сылтаумен сотқа жетпей, қысқартылып кетеді екен. Міне, осылайша жазадан құтылып кеткендер қайтадан «кәсібін» жалғастыра береді. Бұл браконьерлермен күресті нәтижесіз ететін жайт. Тарихтан білетініміздей, Бөкей Ордасының атақты ханы Жән-

# Бастысы – жауапкершілікті сезіну

Жолдау – бұл мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. ҚР Ата заңына сәйкес, Президент жыл сайын елдегі, республиканың ішкі және сыртқы жағдайы туралы Қазақстан халқына Жолдау арнауы тиіс. Сонымен қатар, Президент Жолдауы алдағы жылға және орта мерзімді уақытқа мемлекеттің даму бағыттарын анықтап береді.

Биылғы Президент Жолдауы жаңа мемлекет басшысының бірінші жолдауы болып отыр.

Қай азамат болмасын, жыл сайынғы мемлекет басшысының Жолдауларынан өзінің мамандығына, атқарып жатқан қызметіне орай игі істердің бастамасын көруге асығатыны айдан анық. Биылғы Жолдау да халықтың ойында жүрген, шешімін күткен мәселелерге арналып отыр деп айтуға болады. Азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету шеңберінде Президент қоғамда үлкен резонанс тудырған аса өрескел, келеңсіз жағдайларға жедел ден қойды. Солардың бірі – қылмыстық әрекеттері үшін қолданатын жазаны қатаңдату. Бұл мәселе Қазақстанның қай азаматы болмасын, қай саланың маманы болмасын, тіпті

қуалап отырып, машинамен басу – жаға ұстатарлық қылмыс деп есептеймін. Әлемде болмаған танданарлық жағдай Қазақстанда орын алуда. Мұның барлығы қылмысқа байланысты жазаның жеңіл болуында болып отыр. Иә, ол азғантай жылға жазаланады немесе айыппұл арқылы құтылып кетеді. Ал бұл өз кезегінде қолы үйренген, әбден дағдыға айналған «ісімен» оның қайтадан айналысуына жол ашып беріп отыр. Қылмысқа байланысты жазаны күшейтпейінше олардың санын азайту қиын. Адам бойында ауыр қылмыс жасағаны үшін оның алдында не күтіп тұрғаны, қандай ауыр жазаны өтеуі керектігі туралы қорқыныш сезімі болуы керек. Ол үшін қоғамда түсіндіру жұмыстары қарқынды түрде жүруі шарт. Өткен ғасырдың екінші жартысында Австрия елінде келеңсіз құбылыс ретінде суицид мәселесі бұқаралық ақпарат құралдарында жиі-жиі айтылып, ол халық арасында бұл мәселенің одан сайын ушығуына, көбеюіне алып келген. Бұдан кейін билік бұл мәселені теледидардан көрсетуді, газеттерде жариялауды бірден азайтқан. Нәтижесінде суицид

гір Батыс Қазақстандағы шөп өспейтін Нарын құмына тал егіп, адамдардың табиғат аясында жақсы дем алуына жағдай жасаған. Ал сол талды кескен адамға 25 дүре қамшы соғу жазасын тағайындаған. Неге ауыр жаза белгілеген? Себебі, біріншіден, табиғат бүлінсе оны қалпына келтіру мүмкін емес. Екіншіден, табиғатқа залал тек адамнан келеді. Құдайдан қорықпаса, өзі-өзі тыймаса, онда оны қоғамның қатаң заңдылығымен жазалау керек, онсыз болмайды. Мұны браконьерлерге қатысты да айтуға болады. Еліміз жаһандану дәуіріне аяқ басқалы бері, әлемдегі қылмыс атаулының түр-түрі Қазақстанда пайда болып өршіп кетті. Менің ойымша, бұл жерде Президент қылмысты жасаушылармен заң орындары ерекше айналысып, Ата заңның қылмысқа қатысты баптарына өзгеріс жасау керектігін, қосымшалар мен толықтырулар енгізу қажеттігін айтып отыр. Ал енді осының барлығын қадағалайтын және қылмыскерлерден халықты қорғайтын біздің құқық қорғау мекемелеріміз бар. Құқық қорғау жүйесін толық реформалау аса маңызды міндеттердің бірі. Президенттің

# Жауапкершілікті сезіну

Жолдау – бұл мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. ҚР Ата заңына сәйкес, Президент жыл сайын елдегі, республиканың ішкі және сыртқы жағдайы туралы Қазақстан халқына Жолдау арнауы тиіс. Сонымен қатар, Президент Жолдауы алдағы жылға және орта мерзімді уақытқа мемлекеттің даму бағыттарын анықтап береді.

Биылғы Президент Жолдауы жаңа мемлекет басшысының бірінші жолдауы болып отыр.

Қай азамат болмасын, жыл сайынғы мемлекет басшысының Жолдауларынан өзінің мамандығына, аткарып жатқан қызметіне орай игі істердің бастамасын көруге асығатыны айdan анық. Биылғы Жолдау да халықтың ойында жүрген, шешімін күткен мәселелерге арналып отыр деп айтуға болады. Азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету шеңберінде Президент қоғамда үлкен резонанс тудырған аса өрескел, келеңсіз жағдайларға жедел ден қойды. Солардың бірі – қылмыстық әрекеттері үшін қолданатын жазаны қатаңдату. Бұл мәселе Қазақстанның қай азаматы болмасын, қай саланың маманы болмасын, тіпті қарапайым адамның барлығына ортақ үлкен көкейтесті мәселе екені белгілі. Тәртіп болмаған жерде қоғамның алға жылжуы қиын. Қазақстан қылмыстық іс-әрекеттердің саны бойынша әлемде алдыңғы қатарда тұр. Бұл мақтанатын жаңалық емес. 18,5 миллион азғантай халқы бар біздің еліміз үшін аса ұят нәрсе. Бірақ айтуға тура келіп тұр. Жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық және басқа да ауыр қылмыстарға қолданылатын жазаны тез арада қайта қарап, қатайтпаса болмайтын, ауруы асқынған қоғамның дертіне айнала бастады. Себебі, бұлардың қайсысы болмасын Қазақстанда өршіп тұрғаны ақиқат. Көбейіп кеткені сонша, соңғы кезде тіпті назар да аудармайтын болдық. Күнделікті болып жатқан, болуы тиісті оқиға ретінде қабылдайтынды шығардық.

Алматы қаласында орын алған, тапа-тал түсте адамды

қуалап отырып, машинамен басу – жаға ұстатарлық қылмыс деп есептеймін. Әлемде болмаған таңданарлық жағдай Қазақстанда орын алуда. Мұның барлығы қылмысқа байланысты жазаның жеңіл болуында болып отыр. Иә, ол азғантай жылға жазаланады немесе айыппұл арқылы құтылып кетеді. Ал бұл өз кезегінде қолы үйренген, әбден дағдыға айналған «ісімен» оның қайтадан айналысуына жол ашып беріп отыр. Қылмысқа байланысты жазаны күшейтпейінше олардың санын азайту қиын. Адам бойында ауыр қылмыс жасағаны үшін оның алдында не күтіп тұрғаны, қандай ауыр жазаны өтеуі керектігі туралы қорқыныш сезімі болуы керек. Ол үшін қоғамда түсіндіру жұмыстары қарқынды түрде жүруі шарт. Өткен ғасырдың екінші жартысында Австрия елінде келеңсіз құбылыс ретінде суицид мәселесі бұқаралық ақпарат құралдарында жиі-жиі айтылып, ол халық арасында бұл мәселенің одан сайын ушығуына, көбеюіне алып келген. Бұдан кейін билік бұл мәселені теледидардан көрсетуді, газеттерде жариялауды бірден азайтқан. Нәтижесінде суицид бірден азайған. Мүмкін бізге де қылмыстың адам шошырлық түрлерін БАҚ арқылы көрсетуге билік тарапынан шектеу қою керек шығар. Оларды бізге сақтану үшін хабар ретінде таратқанымен, одан нәтиже болмай тұрғаны анық.

Бүгінгі қоғамымызда кеңінен талқыланып жүрген тақырыптардың бірі қоршаған ортаны қорғау мәселесі. Президент «Соңғы уақытта болған қайғылы оқиғалар ұйымдасқан қылмыстың тағы бір түрі браконьерлік проблемасының бетпердесін ашты» деп атап өтті. Ұлттық құндылықтарымыздың бірі киіктерді өз деңгейінде қорғай алмауымыз өзімізге сын. Бүгінде елімізде акбөкен саны күрт азайып кеткен, оның ішінде Торғай даласы да бар. Бұған жаппай қырылу жағдайлары, браконьерлердің еркінсуі, олармен күрестің әлсіздігі тікелей әсер етіп отыр. Мәселен, соңғы деректерге қарағанда, кейінгі 3-4 жылдың көлемінде 3 мыңға жуық киік атылыпты. Осыған

гір Батыс Қазақстандағы шөп өспейтін Нарын құмына тал егіп, адамдардың табиғат аясында жақсы дем алуына жағдай жасаған. Ал сол талды кескен адамға 25 дүре қамшы соғу жазасын тағайындаған. Неге ауыр жаза белгілеген? Себебі, біріншіден, табиғат бүлінсе оны қалпына келтіру мүмкін емес. Екіншіден, табиғатқа залал тек адамнан келеді. Құдайдан қорықпаса, өзін-өзі тыймаса, онда оны қоғамның қатаң заңдылығымен жазалау керек, онсыз болмайды. Мұны браконьерлерге қатысты да айтуға болады. Еліміз жаһандану дәуіріне аяқ басқалы бері, әлемдегі қылмыс атаулының түр-түрі Қазақстанда пайда болып өршіп кетті. Менің ойымша, бұл жерде Президент қылмыс жасаушылармен заң орындары ерекше айналысып, Ата заңның қылмысқа қатысты баптарына өзгеріс жасау керектігін, қосымшалар мен толықтырулар енгізу қажеттігін айтып отыр. Ал енді осының барлығын қадағалайтын және қылмыскерлерден халықты қорғайтын біздің құқық қорғау мекемелеріміз бар. Құқық қорғау жүйесін толық реформалау аса маңызды міндеттердің бірі. Президенттің сөзі бойынша Ішкі істер министрлігін реформалауға алдағы үш жыл ішінде 173 миллиард теңге бөлінеді. Бұл қаражат еңбекақыны көбейтуге, баспананы жалға алуға, халыққа қызмет көрсету қағидаты бойынша полицияның заманауи фронт-офистерін ашуға жұмсалады делінген Жолдауда. Бұлардың барлығы шын мәнінде «полиция – сенің қорғаның» деген сөздің нақты өмірде іске асуына мүмкіндік берер еді. Әрине, бұл бағыттар бойынша өте көп жұмыс күтіп тұрғаны белгілі. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, Президент бастап, ел қостаса бұл аталған мәселелерді шешу, бұл шараларды жүзеге асыру қиын емес деп ойлаймын.

**Роман  
АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ,  
Ы.Алтынсарин атындағы  
АрқМПИ  
“Рухани жаңғыру” жо-  
балық кеңсесінің директоры.  
Арқалық қаласы.**